

# ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ

Бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын, 19.12.2022 ж. № KZ23TWQ02550344 талон негізінде әрекет ететін **Буланова Светлана Геннадьевна** тұлғасындағы **Жеке кәсіпкер «Sitepark»** кез келген,

бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын, екінші деңгейдегі **банк болып табылатын** заңды тұлғаға немесе **айрықша қызметі түрі қолма-қол шетел валютасымен** айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғаға (**банктік емес айырбастау пункттері**) келесі талаптармен қызметтер көрсетуге арналған осы жария оферта шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасуды ұсынады:

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабына сәйкес жария оферта болып табылады.
2. Пайдаланушиның осы Шартты толық қабылдауы (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 396-бабына сәйкес Пайдаланушиның осы оферта акцепті) Орындаушының қызметтерінің ақысын Пайдаланушиның төлегені болады.
3. Осы жария оферта шартының акцепті бойынша әрекеттер жасай отырып, Пайдаланушы өзінің құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін, сондай-ақ Орындаушымен шарттың қатынастарға түсуге өзінің заңды құқығын растайды.
4. Осы Шарттың талаптарын Пайдалануши толық көлемде ғана қабылдай алады. Шарт талаптарын орындаудан ішінара бас тартуға жол берілмейді.
5. Пайдалануши Орындаушының сайтында жасаған барлық әрекеттер осы Шарттың талаптарымен танысқан тұлғаның әрекеттері деп саналады. Пайдаланушиның осы Шарттың талаптарын білмегенін сілтеу Пайдаланушиның осы Шартты орындаудауына негіз болып табылмайды.
6. Осы Шартты оның кез келген бөлігінде Орындаушы біржақты тәртіппен, әрбір Пайдаланушины арнайы жеке хабардар етусіз сайтта жариялау арқылы өзгерте алады. Өзгерістер өзгертулер жасалған айдан кейінгі айдың 01 (бірінші) күнінен бастап қүшіне енеді.

## 2. АНЫҚТАМАЛАР

- 2.1. Осы Шарттың мақсаттары үшін келесі ұғымдар пайдаланылады:

**Домен:** нұқтемен бөлінген латын әріптерінен, сандар мен сзықшалардан тұратын, интернет желісіндегі сайттың адресі (<http://www.kurs.kz>).

**Жарнамалық ақпарат:** интернет сайтында орналастырылатын, бір немесе бірнеше блоктан тұратын, Пайдаланушиның кез келген конфигурациясында көрсетілген графикалық, мәтіндік немесе мәтіндік-графикалық ақпарат.

**Аккаунт** – аккаунт иесіне ғана қолжетімді, сайттың дербес бөлімі.

**Есеп айырысу айы** – толық күнтізбелік ай: бірінші күнінен бастап соңғы күніне дейін, қоса алғанда. Есеп айырысу айы белінбейтін болып табылады.

**Алғашқы Қол жеткізу** – Орындаушымен осы шартты алғаш рет жасасқан Пайдалануши үшін Орындаушының доменіндегі дерекқорға Қол жеткізу.

## 3. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 3.1. Орындаушы Пайдаланушиның осы Шарттың тәртібімен және талаптарымен жарнамалық ақпаратты дербес орналастыруы мақсатында Пайдаланушиға Орындаушының доменінде орнатылған дерекқорға (бұдан әрі - Сервер) қол жеткізу үшін құпия сез беру қызметтерін көрсетеді.
- 3.2. Пайдалануши осы Шарт талаптарымен Орындаушының қызметтерінің ақысын төлеуге міндеттенеді.

#### **4. СЕРВЕР ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ**

- 4.1. Алғашқы қол жеткізу Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражат түскеннен кейін 3 (үш) жұмыс қүні ішінде Пайдаланушыға беріледі. Алғашқы қол жеткізу мерзімі аяқталғаннан кейін алдын ала төлем тек толық Есеп айырысу айы үшін ғана жүргізіледі және қызмет күнтізбелік айдың 1 (бірінші) қунінен бастап көрсетіледі.
- 4.2. Пайдаланушының Серверге қол жеткізуі Орындаушының Пайдаланушыны тіркеу және оған бірегей ат пен құпия сөз беру арқылы қамтамасыз етіледі, бұл келесіге мүмкіндік береді:
  - 4.2.1. Серверге қол жеткізуге ие болу (қол жеткізу бір авторландырылған пайдаланушы үшін ғана жасалады).
  - 4.2.2. Сервердегі Пайдаланушы үшін қолжетімді барлық бағдарламалар мен функцияларды қолдану.
  - 4.2.3. Пайдаланушы үшін бөлінген Аккаунты пайдалану.
  - 4.2.4. Орындаушыдан қажетті кеңестер алу.
- 4.3. Пайдаланушы интернет-ресурстың тұжырымдамасы мен стилистикасын басшылыққа ала отырып, бірақ осы Шарттың 5.3.4-т. қарастырылған талаптарды ескере отырып, Серверде өз ақпаратын өз қалауы бойынша орналастыруға құқылы.
- 4.4. Пайдаланушы Орындаушыға осы Шартқа сәйкес орналастырылатын ақпараттың мазмұны мен рәсімделуі бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетініне және бұл ақпаратты Серверде тарату үшінші тұлғалардың авторлық және сабактас құқықтарын қоса, бірақ олармен шектелмей, кез келген құқықтарын бұзбайтынына кепілдік береді. Авторлармен және сабактас құқықтардың иелерімен барлық есеп айырысуларды Пайдаланушы дербес жүргізеді. Осы кепілдіктерді бұзған жағдайда Пайдаланушы үшінші тұлғалардың кінәрат-талаптарын дербес реттейді, сондай-ақ Орындаушыға мұндай бұзушылық салдарынан келтірілген барлық шығындарды және сот шығындарын өтейді.
- 4.5. Орындаушы серверінің жүйесімен клиенттерге дұрыс қызмет көрсету үшін өзекті, шынайы ақпаратты ұсыну мақсатында валюталарды сату және сатып алу бағамдарына шектеулер қойылу мүмкін. Шектеулер нарықтың орташа статистикалық ауытқуы шегінде белгіленеді.
- 4.6. Пайдаланушы Аккаунтының құпия сөзін қалпына келтіру немесе өзгерту Пайдаланушы Орындаушының электрондық поштасына жіберген ресми хаттың сканерленген нұсқасын жіберу арқылы ғана мүмкін.
- 4.7. Пайдаланушының Серверге алғашқы қол жеткізуі, Аккаунтты қолдау қызметін ұзарту, сондай-ақ Пайдаланушы Аккаунтының құпия сөзін қалпына келтіру немесе өзгерту ҚР заңнамасына сәйкес жұмыс күндері ғана және жұмыс уақытында сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жүзеге асырылады.
- 4.8. Орындаушы Сервердің абсолютті үзіліссіз немесе қатесіз жұмыс істеуіне кепілдік бермейді. Орындаушы мұны болдырмау және туындаған проблемаларды жою үшін барлық ақылга қонымды құш пен шараларды қолданатынына кепілдік береді. Қызмет «қалай бар», берілген кезде қолжетімді болған түрінде, ешқандай тікелей немесе жанама кепілдіктерсіз ұсынылады. Орындаушы берген ешбір ақпарат немесе кеңестер кепілдік ретінде қарастырыла алмайды.
- 4.9. Орындаушы Интернет желісі арқылы тұрақты және/немесе уақытша қолжетімсіз тораптармен немесе серверлермен Пайдаланушы үшін ақпарат алмасу мүмкіндігіне кепілдік бермейді.

#### **5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

##### **5.1 Орындаушы келесіге міндеттенеді:**

- 5.1.1. Төлем жүйелері арқылы қызметтер ақысын төлеу үшін Пайдаланушының электрондық пошта адресіне Дербес шот нөмірін жіберуге.
- 5.1.2. Сервердің жұмысына байланысты және Орындаушыға тәуелді техникалық ақауларды олар анықталғаннан кейін 48 (қырық сегіз) сағат ішінде жоюға.
- 5.1.3. Серверге қол жеткізу үшін техникалық жағдайларды жасауды, Сервердің бағдарламалары мен функцияларын жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және

Тараптармен келісілген уақытта телефон және/немесе электрондық пошта арқылы Серверге қосылу үшін қажетті кеңестердің бағдарламалық жасақтамасын баптауға.

5.1.4. Осы Шартта көзделген міндеттемелерді тиісті түрде орындауға.

5.1.5. Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражат түскеннен кейін, осы Шартта көзделген мерзімдерде Аккаунтқа қол жеткізуі беруге.

## 5.2. Орындаушы келесіге құқылы:

5.2.1. осы Шарттың 6.1-т. көрсетілген қызметтердің құнын біржақты тәртіппен, бірақ күнтізбелік 1 (бір) жылда 2 (екі) реттен жиі емес өзгертуге.

5.2.2. Пайдаланушының Серверге қол жеткізуін ескертусіз тоқтатуға, егер:

Пайдаланушы осы Шарттың 5.3. тармағының (қажетті деректер мен құжаттарды ұсыну) және 7.1. мен 7.2. тармақтарының (Орындалған жұмыстар актісін немесе Дәлелді бас тартуды ұсыну) талаптарын бұзса. Бұл жағдайда Серверге қол жеткізу болмаған күндер үшін төленген сомалар Пайдаланушыға қайтарылмайды, Орындаушы қайта есептеуді жасамайды.

5.2.3. егер Пайдаланушы осы Шарттың 5.3.7. тармағының талаптарын бұзса, атап айтқанда, мәліметтерді жаңарту жөніндегі мамандандырылған бағдарламаны пайдаланған кезде, Пайдаланушының Серверге қол жеткізуін ескертусіз 5 (бес) жұмыс күнінен тоқтатуға. Бұл жағдайда Серверге қол жеткізу болмаған күндер үшін төленген сомалар Пайдаланушыға қайтарылмайды, Орындаушы қайта есептеуді жасамайды.

5.2.4. Шарттың 5.2.2. және 5.2.3. тармақтары бірнеше рет бұзылған жағдайда, Пайдаланушының аккаунтын бұғаттауға және кейін Пайдаланушыға осы Шарт бойынша қызметтер көрсетуден бас тартуға.

5.2.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау мақсатында, кез келген уақытта және кез келген себеппен, соның ішінде Пайдаланушының қажеттіліктерін немесе бәсекеге қабілеттілік талаптарын қанағаттандыру үшін, сайтты модификациялауға (жаңа сипаттар мен функционалдық мүмкіндіктерді қосу, бар касиеттер мен функционалдық мүмкіндіктерді алып тастау) немесе сайттың жаңа нұсқасын шығаруға.

## 5.3. Пайдаланушы келесіге міндеттенеді:

5.3.1. осы Оферта шарты акцепті кезінде – Орындаушыға мыналарды ұсынуға:

- а) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (көшірмесі);
- б) шетел валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға арналаған лицензия (көшірмесі);
- в) айырбастау пункттерінің барлық мекенжайлары көрсетілген лицензияға қосымша (көшірмесі);
- г) заңды тұлғаның деректемелері;
- д) бірінші басшының ТАӘ;
- ф) нақты орналасқан жердің пошталық мекенжайы;
- ж) электрондық пошта.

5.3.2. Серверге қол жеткізу үшін қажетті өзінің сәйкестендіргіштері мен құпия сөзін жасырып ұстауға және таратпауға.

5.3.3. Орындаушының қызметтерін қабылдауға және олардың ақысын осы Шарттың талаптарына сәйкес уақтылы төлеуге.

5.3.4. осы Шарттың 5.3.1-т. атап құжаттарда көрсетілген ақпаратқа сәйкес келетін мекенжайлар мен атауларды Серверде орналастыруға.

5.3.5. осы Оферта шартының №1 Қосымшасына сәйкес ақпараттық-жарнамалық блокты толтыруға.

5.3.6. өз қызметінің сипатына және көпшілікке жарияланған ақпаратқа қатысты қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтауға, Серверде орналастырылатын ақпаратқа қатысты үшінші тұлғалардың құқықтарын (соның ішінде авторлық құқық және т.б.) сақтауға.

5.3.7. мәліметтерді жаңартудың мамандандырылған автоматтандырылған жүйесін қолданбауға.

5.3.8. жүйелі түрде (әр айдың 10-нан 15-не дейінгі кезеңде) өзгертулер және/немесе толықтырулар жөнінде Орындаушының сайтындағы «Бағамдарды орналастыру» бөлімінде осы Шарттың қолданыстағы редакциясының талаптарымен танысуға.

5.3.9. 6.5-т. сәйкес өзара есеп айырысу ларды салыстыруды жасауға.

5.3.10. осы Шартта көзделген міндеттемелерді тиісті түрде орындауға.

#### 5.4. Пайдалануши келесіге құқылы:

5.4.1. Пайдалануши Орындаушыдан осы Шартқа сәйкес өзіне алған міндеттемелердің тиісті түрде және толық орындалуын талап етуге.

5.4.2. Профилактикалық немесе қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу уақытын қоспағанда, Серверге тәулік бойы қол жеткізуді алуға.

5.4.3. Техникалық ақаулар анықталған жағдайда (Серверге қол жеткізудің болмауы, Серверге деректерді енгізу/жанарту мүмкін еместігі), олар анықталғаннан кейін 48 (қырық сегіз) сағат ішінде Орындаушыдан оларды жоюды және Орындаушының ақаулар туралы хабардар етуін талап етуге.

5.4.4. Қажет болса, Сайттағы «Бағамдарды орналастыру» бөлімінде «жүктөу» батырмасын басып, құжатты жүктеп алған күндегі өзекті Оферта шартының баспа үлгісін жүктеп алуға.

### 6. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

#### 6.1. Қызметтердің құны.

Қалалар: Астана, Алматы, Шымкент

Домен	Аккаунттар саны	Бір аккаунттың құны тенге/ай, ҚҚС-сыз	Жалпы құны тенге/ай, ҚҚС-сыз
http://www.kurs.kz	1	25000	25000
	2	22500	45000
	3	22500	67500
	4	21250	85000
	5	21250	106250
	6 и более	20000	120000

Қазақстанның басқа қалалары

Домен	Аккаунттар саны	Бір аккаунттың құны тенге/ай, ҚҚС-сыз	Жалпы құны тенге/ай, ҚҚС-сыз
http://www.kurs.kz	1	20000	20000
	2	18000	36000
	3	18000	54000
	4	17000	68000
	5	17000	85000

	6 и более	16000	96000
--	-----------	-------	-------

- 6.2. Есеп айырысу айындағы қызметтер құны Орындаушының Серверіне қол жеткізу үшін тиянақталған сома болып табылады және Пайдаланушы өз аккаунтын нақты түрде пайдаланған немесе пайдаланбаған күндердің санына байланысты емес.
- 6.3. Серверді пайдалану бойынша қызметтер ақысын төлеу келесі тәртіппен жүзеге асырылады:
- 6.3.1. осы Оферта шартын алғаш рет жасасқан Пайдаланушы Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражат түскеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде және күнтізбелік айдың соына дейін Алғашқы қол жеткізуді алады. Алдын ала төлемнің мөлшері бұл ретте күнтізбелік айдың соына дейінгі күндердің санына есепті болады. Алдыңғы кезеңдер ақысын төлеу және Орындаушының дерекқорына қол жеткізуді алу
- 6.3.2. – 6.3.5. тармақтарының талаптарымен жасалады.
- 6.3.2. Пайдаланушы қолма-қол төлеу, не Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты қолма-қол ақшасыз аудару, не төлем терминалы арқылы (төлем терминалы комиссиясының құны Орындаушының қызметтер құнына кіреді) 1 (бір), 2 (екі) немесе 3 (үш) Есеп айырысу айы үшін 100 % алдын ала төлемді жасайды.
- 6.3.3. Қызметтер ақысын алдын ала төлеудің барынша мүмкін мөлшері 3 (үші) есеп айырысу айы үшін соманы құрайды.
- 6.3.4. Алдын ала төлем төленетін есеп айырысу айы басталуына дейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жасалады.
- 6.3.5. Алдын ала төлем толық есеп айырысу айы үшін ғана жасалады және қызмет күнтізбелік айдың 01 (бірінші) күнінен ғана бастап беріледі.
- 6.4. 5.2.1-т. сәйкес Қызметтер құны өзгерген жағдайда жаңа тарифтің қолданылуы Пайдаланушы үшін алдын ала төленген кезең аяқталғаннан кейін басталады.
- 6.5. Жылына екі рет Тараптар міндетті түрде өзара есеп айырысуды салыстыруды мына кесте бойынша жүзеге асырады:
- 15 қантардан 31 қантарға дейін;
  - 15 шілдеден 31 шілдеге дейін.
  - Орындаушы Электрондық құжат айналымы (ЭҚА) қызметі арқылы (ЭЦҚ-мен қол қойылған) электрондық құжатпен Пайдаланушыға Салыстыру актісін жібереді. Пайдаланушы Салыстыру актісіне оны алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қол қоюға немесе Орындаушыға ескертулердің толық, қайшылықсыз және жеткілікті тізбесін қамтитын Салыстыру актісіне қол қоюдан жазбаша дәлелді бас тартуды беруге міндеттенеді.
- 6.6. Пайдаланушы жасаған алдын ала төлемді толық немесе ішінара қайтару (қайта есептеу) тек қана күші еңсерілмейтін мән-жайлар (форс-мажор) басталу себебімен қызметтің тоқтатқан жағдайда немесе 2 (екі) жұмыс күні бұрын міндетті жазбаша хабарламамен және өзара есеп айырысуларды салыстырғаннан кейін Пайдаланушының занды тұлғасы таратылған жағдайда немесе осы Шарт Орындаушының бастамасы бойынша бұзылған жағдайда мүмкін болады. Ешқандай басқа себептер алдын ала төленген соманы қайта есептеу және қайтару немесе аудару үшін негіз болып табылмайды.
- 6.7. Пайдаланушы өзі жасаған төлемдердің дұрыстырына дербес жауапкершілік көтереді. Орындаушының банктік деректемелерін және/немесе төлемдерді жүзеге асырудың басқа әдістерін өзгерту кезінде Орындаушының сайтында (Пайдаланушының жеке кабинетінде) жаңа деректемелер және/немесе төлемдерді жүзеге асыру әдістері жарияланған сәттен бастап, Пайдаланушы ескірген деректемелер және/немесе төлемдерді жүзеге асырудың басқа да ескірген әдісін пайдалана отырып жасалған төлемдер үшін дербес жауапкершілік көтереді.

6.8. Төлем күні деп Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражат түскен күн саналады.

## **7. ОРЫНДАЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТАПСЫРУ-ҚАБЫЛДАУ ТАЛАПТАРЫ**

7.1. Орындаушы Электрондық құжат айналымы (ЭҚА) қызметі арқылы электрондық құжатпен Орындалған жұмыстар актісін жібереді.

7.2. Пайдалануши Орындалған жұмыстар актісін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған Орындалған жұмыстар актісін бекітуге және қол қоюға немесе Орындаушыға ескертудердің толық, қайшылықсыз және жеткілікті тізбесін қамтитын Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюдан жазбаша дәлелді бас тартуды (бұдан әрі – Дәлелді бас тарту) беруге міндетті.

7.3. Орындалған жұмыстар актісі белгіленген мерзімде расталмаса, Орындаушы осы Шарттың 5.2.2-т. сәйкес алдын ала төленген ақшалай қаражатты қайта есептеуді және/немесе қайтаруды жасамай осы Шарт бойынша қызметтерді көрсетуді тоқтата түруға құқылы.

## **8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

8.1. Тараптар осы Шарттың шеңберінде қабылдаған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

8.2. Орындаушыға тиесілі емес кез келген электрондық немесе механикалық жабдықтың ақауларынан туындаған кешігuler, үзілістер, залал немесе шығындар үшін, Орындаушының кінәсінен емес туындаған деректерді беру немесе қосылу кезіндегі проблемалар үшін, Интернет-сайтқа кіру жүзеге асырылатын жалпыға ортақ байланыс арналарының сапасы үшін, интернет-браузерлердің баптаулары үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың, соның ішінде мемлекеттік органдар мен басқару органдарының, әрекеттері нәтижесінде интернет-ресурска кіруді бұғаттау кезінде Орындаушы жауапкершілік көтермейді.

8.3. Орындаушы Пайдалануши ұсынатын қызметтерді және осы Шартты орындауға қатысты ақпаратты үшінші тұлғалардың рұқсатсыз пайдалануы салдарынан туындаған Пайдалануши шеккен шығындар үшін жауапкершілік көтермейді.

8.4. Барлық сәйкестендіргіштер мен құпия сөздер құпия ақпарат болып табылады. Пайдалануши өзінің сәйкестендіргіштері мен құпия сөздерінің сақталуы мен таралмауы үшін барлық жауапкершілікті өз мойнына алады. Орындаушы Пайдаланушиның дерекқорларға кіру құпия сөзін үшінші тұлғалар Орындаушыға байланысты емес себептермен пайдаланған жағдайда Орындаушы жауапкершілік көтермейді.

8.5. Тауарлар (қызметтер), оның ішінде тікелей Пайдалануши туралы ұсынылған жарнамалық ақпарат үшін Пайдалануши дербес жауапкершілік көтереді.

## **9. КҮШІ ЕҢСЕРІЛМЕЙТИН МӘН-ЖАЙЛАР (ФОРС-МАЖОР)**

9.1. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінера, толық орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер күші еңсерілмейтін, яғни келесі жағдайларда төтенше және жол бермеуге болмайтын мән-жайлардың салдарынан тиісті түрде орындау мүмкін болмай қалса, мысалы: дүлей апарттар, өрттер, соғыс қимылдары, революциялар, ереуілдер, заңнамадағы өзгерістер, нормативтік актілерді қабылдау, үшінші тұлғалардың әрекеттері және т.б.

9.2. Форс-мажорлық мән-жайлар еңсерілген жағдайда, осы Шарттың қолданылу мерзімі ұзақтығы бойынша форс-мажорлық мән-жайлар кезеңіне тең мерзімге ұзартылады.

9.3. Форс-мажорлық мән-жайлардың басталуы, сондай-ақ олардың әрекет етуінің күтілетін мерзімі туралы мұндай мән-жайлар ол үшін туындаған Тарап екінші Тарапты олар туындаған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

9.4. Мұндай мән-жайлардың басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау хабарламауға немесе уақтылы хабарламауға жол берген Тарапты міндеттемелерді уақтылы

орындағаны үшін жауапкершілікке негіз ретінде осы мән-жайлардың кез келгеніне сілтеу құқығынан айырады.

- 9.5. Форс-мажорлық жағдайлар қатарынан 2 (екі) айдан астам уақыт бойы жалғасатын болса, Тараптардың кез келгені екінші Тарапты бұзудан кемінде 2 (екі) апта бұрын хабардар ете отырып, осы Шартты бұзуға құқылы.

## 10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 10.1. Осы Келісімнен немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар мүмкіндігінше келіссөздер арқылы шешеді.
- 10.2. Тараптар туындаған келіспеушіліктер мен даулар бойынша келісімге келмеген жағдайда, барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының сот органдарында реттелуге жатады.

## 11. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУ МЕН БҰЗУ ТӘРТІБІ

- 11.1. Осы оферта шарты осы офертаның талаптары қабылдаған сәттен бастап күшіне енеді, алдын ала төленген мерзім ішінде жарамды және Пайдаланушы алдын ала төлеген жана мерзімге автоматты түрде ұзартылады.
- 11.2. Осы Шарт келесі тәртіппен бұзылуы мүмкін:
- 11.2.1. Біржақты тәртіппен, Пайдаланушының бастамасы бойынша, кез келген уақытта бұрын жасалған алдын ала төлемді қайтармай.
- 11.2.2. Біржақты тәртіппен, Пайдаланушының бастамасы бойынша кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын міндетті түрде алдын ала жазбаша хабардар етумен заңды тұлғаны тарату кезінде. Бұл жағдайда Орындаушы алдын ала төлем сомасының пайдаланылмаған бөлігін қайтарады.
- 11.2.3. Біржақты тәртіппен, Орындаушының бастамасы бойынша кез келген уақытта себебін көрсетпей. Бұл жағдайда Орындаушы алдын ала төлем сомасының пайдаланылмаған бөлігін қайтарады.
- 11.2.4. Біржақты тәртіппен, Орындаушының бастамасы бойынша Пайдаланушының осы Шарттың 5.3-т. байланысты. Бұл жағдайда бұрын жасалған алдын ала төлемді қайтару жүргізілмейді.

## 12. БАСҚА Да ТАЛАПТАР

- 12.1. Құқықтық мәртебесі, банктік, пошталық деректемелері, атауы немесе 5.3-т. көзделген басқа да деректер өзгерген жағдайда, Пайдаланушы кез келген өзгерістер күшіне енгенге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын Орындаушыны осы туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.
- 12.2. Орындаушы осы Шарт бойынша өз Орындаушының құқықтарын үшінші заңды немесе жеке тұлғаларға табыстауга құқылы. Орындаушы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Пайдаланушыны осы туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.
- 12.3. Пайдаланушы Орындаушының келісімінсіз Шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін үшінші тұлғаларға табыстауга құқығы жоқ.
- 12.4. Осы Шарт бойынша Тараптардың әрқайсысы осы Шарт шенберінде екінші Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және басқа да ақпараттың қатаң құпиялылығын сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға табыстау осы ақпараттың иесі болып табылатын Тараптың жазбаша келісімімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардаған мүмкін болады. Құпия ақпарат барлық ноу-хауды, қаржылық ақпаратты және коммерциялық тұрғыдан басқа да құнды ақпаратты кез келген нысанда, оның ішінде коммерциялық құпияны, формулаларды, графиканы, сызбаларды, жобаларды, үлгілерді және Тараптардың әрқайсысы өзі үшін құпия деп санайтын кез келген сипаттамасы бар басқа да материалдарды қамтиды және осындаи Тараптың қызметкерлерінің немесе басшылығының иелігінде болуы мүмкін барлық ақпаратты қамтиды, мыналарды қоспағанда:
- 12.4.1. қабылдаушы Тараптың немесе оның өкілдерінің құқықсыз ашуының нәтижесінде

болғаннан бөлек, қандай да бір тәсілмен жалпыға қолжетімді болып табылған немесе болатын ақпарат;

12.4.2. мұндай ақпаратты заңды негізде иеленетін және мұндай ақпаратты құпия емес негізде ашуға заңды өкілеттігі бар үшінші тарап арқылы алушы Тарапқа қолжетімді болып табылған немесе болатын ақпарат;

12.4.3. осы Шарт бойынша осындаид Тарарап ақпаратты ашқан күнге дейін қабылдаушы Тарапқа заңды негізде белгілі болған ақпарат (жазбаша түрде көрсетілгендей).

12.5. Тараптар Шарт бойынша Тараптар ескертулермен және (немесе) сұраулармен келесі нысандардың кез келгенінде алмаса алатыны туралы келісті:

12.5.1. пошта арқылы міндетті түрде тіркелетін пошталық жөнелтім (тапсырыс хат) арқылы немесе алушының жөнелтуші тізіліміндегі қолхаты бойынша қолма-қол жіберілетін қағаз нұсқаларында.

12.5.2. қағаз нұсқаларын қолданбай, электрондық поштамен жіберілетін хабарламалар арқылы:

- a) Орындаушының атынан Тапсырыс берушімен байланыс жасалатын [kurs.kz](http://kurs.kz) домен аты бар электрондық адрестен;
- б) Тапсырыс берушінің атынан Орындаушының сайтында тіркелген кезде көрсетілген электрондық адрестен, Орындаушы Тапсырыс берушінің электрондық пошта адресін оны сәйкестендіру үшін алады.

12.5.3. Электрондық поштамен хабарлама түрінде берілетін ескерту және (немесе) сұрау келесіні қамтуы тиіс:

- а) хабарлама мәтінінде – ескерту және (немесе) сұраудың тақырыбын,
- б) хабарлама мәтінінде – сұрауды қарau үшін қажетті ақпаратты немесе жіберілген хабарламаны түсіну үшін жеткілікті ақпаратты.

12.5.4. Өзге электрондық адрестерден, жоғарыда сипатталғаннан өзгеше түрде жіберілген хаттар қаралмайды.

12.6. Осы Оферта шартының барлық Қосымшалары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

### **Орындаушы:**

#### **«Sitepark» ЖК**

Заңды мекенжайы: 050016,  
Алматы қ., Райымбек даңғылы, 174/2,  
12-пәтер  
БСН (ЖСН) 860207401355  
ЖСК: KZ91722S000001236506 KZT  
«Kaspi Bank» АҚ филиалында  
БСК CASPKZKA  
БЕК:19, ТМК: 851

**«Sitepark» ЖК, Буланова С.Г.**

**Айырбастау пунктінің ақпараттық-жарнамалық блокты  
толтыру қағидалары**

- 1. Айырбастау пунктінің атауы\***. Лицензияда көрсетілген түпнұсқалық жазылудағы айырбастау пунктінің атауы.
- 2. Аудан.** Ауданды ғана көрсету керек, немесе бағанды бос қалдырыңыз.
- 3. Мекенжай\***. Лицензияда көрсетілген айырбастау пунктінің нақты мекенжайын, бекітілген нұсқасы бойынша көрсетіңіз: *A.Байтұрсынов к-сі (даңғ.), №114а*.  
Қажет болған жағдайда орналасқан жердің толық сипаттамасы беріледі: көше қылышы, бар болса, жағалау жақтары (Сол жағалау, Оң жағалау), бағдар - “жоғары/төмен”, “арасында”, “қарама-қарсы” және т.б. Бағдар үшін және айырбастау пунктін жылдам іздеу үшін көрсетілген нысандар атаулары (банк, ОСО және т.б. атауы) түпнұсқалық түрде көрсетіледі. Көше/данғыл атаулары қазіргі және дұрыс жазылған болуы керек. Жақшада көшениң/данғылдың бұрынғы атауын орналастыруға болады (жақында атауы езгертілген жағдайда).
- 4. Телефондар\***. Айырбастау пунктінің телефон нөмірлері көрсетіледі. Телефон нөмірлері қайталанбауы тиіс.
- 5. Телефондар астындағы қосымша ақпарат.** Айырбастау пунктінің электрондық пошта адресі, мессенджерлерінің телефон нөмірлері көрсетіледі.
- 6. Басқасы.** Сөйлем, тыныс белгілерін сақтай отырып, басты әріппен басталады.  
«Үзіліссіз және демалыссыз жұмыс істейміз» деп көрсетуге рұқсат етіледі.  
Қызметтер көрсету ерекшеліктерін көрсетуге болады:
  - көнерген және күйген қағаз ақшаны қабылдау;
  - монеталарды қабылдау;
  - күзеттің болуы;
  - көлік тұрағының болуы;
  - және т.б.
- 7. Жұмыс уақыты\***. Формат: 9:00-ден 20:00-ге дейін
- 8. Келесіге тыйым салынады:**
  1. «Caps Lock» режимін пайдалануға.
  2. Ереже бойынша қажет етілмейтін жерде леп белгілерін қолдануға.
  3. Қызметкерлер іздеу, айырбастау пунктін сату және т.б. туралы хабарламалар орналастыруға.
  4. Эмодзилерді пайдалану (эмодзи – электронды хабарламалар мен веб-беттерде қолданылатын идеограммалар мен смайлдар тілі және де пиктограммалардың өзі).
  5. Сипаттамада тікелей бәсекелесті (айырбастау пунктін) атауға.
  6. Айырбастау пунктінің веб-сайтынан басқа, бөгде сайттардың веб-беттеріне сілтемелерді орналастыруға.

**Барлық қалған толықтырулар Kurs.kz сайтының әкімшілігімен талқыланады.**

**\* Бағанды міндетті түрде толтыру керек.**

**«Sitepark» ЖК, Буланова С.Г.**

# **ПУБЛИЧНЫЙ ДОГОВОР-ОФЕРТА НА ОКАЗАНИЕ УСЛУГ**

**Индивидуальный предприниматель «Sitepark» в лице Булановой Светланы Геннадьевны, действующей на основании талона № KZ23TWQ02550344 от 19.12.2022 г., именуемый в дальнейшем «Исполнитель», предлагает любому**

**Юридическому лицу, являющемуся банком второго уровня, либо юридическому лицу, исключительным видом деятельности которого является организация обменных операций с наличной иностранной валютой (небанковские обменные пункты), именуемое в дальнейшем «Пользователь», заключить настоящий публичный договор-оферта (далее – Договор) на размещение услуг на следующих условиях:**

## **1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ**

- 1.1. Настоящий Договор в соответствии со статьей 395 Гражданского кодекса Республики Казахстан является публичной офертой.
- 1.2. Полным принятием Пользователем настоящего Договора (акцептом Пользователя настоящей оферты в соответствии со статьей 396 Гражданского кодекса Республики Казахстан) является оплата Пользователем услуг Исполнителя.
- 1.3. Совершая действия по акцепту настоящего публичного договора – оферты, Пользователь подтверждает свою правоспособность и дееспособность, а также свое законное право вступать в договорные отношения с Исполнителем.
- 1.4. Условия настоящего Договора могут быть приняты Пользователем только в полном объеме. Частичный отказ от выполнения условий Договора не допускается.
- 1.5. Все действия, совершенные Пользователем на сайте Исполнителя, считаются действиями лица, ознакомленного с условиями настоящего Договора. Ссылка Пользователя на незнание условий настоящего Договора не является основанием для неисполнения Пользователем настоящего Договора.
- 1.6. Настоящий Договор может быть изменен в любой его части Исполнителем в одностороннем порядке, без специального личного уведомления каждого Пользователя путем публикации на сайте. Изменения вступают в силу с 01 (первого) числа месяца следующего за месяцем, в котором были произведены изменения.

## **2. ОПРЕДЕЛЕНИЯ**

- 2.1. Для целей настоящего Договора используются следующие понятия:

